

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті

Қазақстан тарихы және саяси-әлеуметтік пәндер кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің қалпына келуі: мәні мен маңызы

Орындаған: Нығмет. Н.113ЖМФ

Тексерген: Абдрахманова. К. Ж.

Қарағанды 2010

Мазмұны:

Кіріспе

Негізгі бөлім

1. Қазақстанның мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның қабылдануы
2. КСРО-ның ыдырауы
3. Бүкілхалықтық президент сайлауы
4. Қазақстанның тәуелсіздігінің жариялануы
5. Менің елім - Қазақстан
6. ҚР-ның рәміздері
7. ҚР-ның Ата заңы
8. Бейбітшілік монументі
9. Астана Қазақстанның бас қаласы

Қорытынды

Пайдаланған әдебиеттер

Кіріспе

- Талай қиын-қыстау кезеңдерді бастан кешкен қазақ халқының тарихы күрделі әрі оқиғаға толы болды. Көптеген ғасырлар бойы қазақ халқы өзінің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күресіп, күш-жігерінің, патриоттық рухы мен дипломатиясының арқасында елі мен жерін сақтап қалды. Тарихтың қиын кезеңдерінде ұлан-байтақ жерін жоғалтпай, барлық қиындықтарды жеңіп, оны болашақ ұрпаққа табыстап отырған. Қазақ халқы басына бұлт үйірілген кездерде ұйымшылдық танытып, басқа халықтармен татулық пен бірлікте өмір сүруге ұмтылысының арқасында тарих ағымында жоғалмай, керісінше, өз мемлекеттігін құра білді.

Декларацияның қабылдануы

Қазақстанда да күн өткен сайын мемлекеттік егемендікті жариялауды талап етушілер күшейе бастады. Қоғамдық қозғалыстар 1990жылғы қазан айында айрықша белсенділік көрсетті. Республика өзінің тәуелсіздігі үшін күресіп, КСРО құрамынан бөлініп шығатын талап-тілектерін ашық айта бастады.

1990жылғы 25 қазанда Жоғарғы Кеңес “Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы ” Декларациясын қабылдады. Мемлекеттік егемендіктің жариялануы-республика өміріндегі аса маңызды саяси оқиға болды.

Декларация республикаға

Халықаралық
қатынастардың
дара субъектісі
ретінде көрінуге

Сыртқы саясатты
өз мүдделері үшін
белгілеуге

Экономикадан тыс
қызмет мәселелерін
өз бетінше шешуге
мүмкіндік берді

2.КСРО-ның ыдырауы

1991 жылдың желтоқсаны ірі саяси оқиғаларға толы болды. Олардың ең бастысы – КСРО-ның ыдырауы еді. Желтоқсаның 8-і күні Минскіде бас қосқан үш славян мемлекеттерінің басшылары өзара келісіп, 1922 жылғы КСРО –ны құру туралы шарттың өз күшін жойғаның жариялады. Сонымен қатар, аталған үш мемлекеттің басшылары Тәуелсіз Мемлекеттер Одағының құрылғандығы туралы мәлімдеді. Осылайша, дүние жүзіндегі аса ірі отаршыл империялардың соңғысы- КСРО ыдырады.

3. Бүкілхалықтық президент сайлауы



1991 ж 1 желтоқсанда өткен бүкілхалықтық президенттік сайлауда Нұрсұлтан Әбішұлы республика азаматтарының 98,78 % дауысына ие болып, жеңіске жетті.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев



- Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев- Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті.
- Н.Ә.Назарбаев 1940 жылы Алматы обл, Қаскелең ауданы, Шамалған ауылында дүниеге келген. Мамандығы – инженер-металлург. Экономика ғылымдарының доктры, «Ғасыр адам» атанған қайраткер.



- 1991 жылы желтоқсанның 10-ы күні Н. Назарбаев Республика сарайында салтанатты түрде ант қабылдап, ҚР-ның Президенті болып сайланды.
- Қазақ КСР –інің атауы Қазақстан Республикасы деп өзгертілді.

4.Қазақстанның тәуелсіздігінің жариялануы

- 1991 жылғы 16 желтоқсан – республика жоғарғы Кеңесінің жетінші сессиясында “**Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы**” Заң қабылданды.
- Құжаттың 1- бабында Қазақстан Республикасы- тәуелсіз, демократиялық және құқықтық мемлекет деп сипатталды.

5. Менің елім - Қазақстан

- Қазақстан барлығымыздың туған жеріміз, ата қоныс атамекеніміз.
- Қазақстан Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан. Оның алып жатқан аумағы өте үлкен. Жеріміздің аумағы 2,7 млн, км². Жер көлемі жөнінен еліміз дүние жүзінде 9-орында тұр. Қазақстан аумағына Батыс Еуропаның оншақты мемлекеті еркін сыйып кетеді.
- Қазақстан батысынан шығысына дейін 3000 шақырым, ал солтүстігінен оңтүстігіне дейін 1600 шақырым.
- Қазақстан Ресей, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан және Түркіменстан сияқты мемлекеттермен шектеседі.

Қазақстан картасы



6.ҚР-ның рәміздері



Мартен

Ал - тас ыр и - та - ма, Ал - тас ыр и - та -
Ур - та - та ыр и - та - ма, Ел - ба - та, ыр -

1
та, ыр - та - та ыр и - та - ма и - та - та ыр -
ба, ыр - та - та ыр и - та - ма, Тар - та - та и - та -

2
та - та и - та - та ыр и - та - ма, Та - та - та ыр -
ба - та - та ыр и - та - ма, Ма - та - та ыр -

3
та - та и - та - та ыр и - та - ма, Та - та - та ыр -
ба - та - та ыр и - та - ма, Ма - та - та ыр -

4
та - та и - та - та ыр и - та - ма, Та - та - та ыр -
ба - та - та ыр и - та - ма, Ма - та - та ыр -

Кайрамыс
Дуна

1
Ма - та - та и - та, Ма - та - та и - та, Та - та - та - та -

2
и - та - та и - та, Ма - та - та и - та, Та - та - та - та -

3
Та - та - та и - та, Ма - та - та и - та, Та - та - та - та -

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫ



Мемлекеттік ту көгілдір түсті, тік бұрышты кездеме. Оның ортасында арайлы күн, күннің астында қалықтаған қыран бейнеленген. Ағаш сабына бекітілген тұста — ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Күн, арай, қыран және ою-өрнек — алтын түсті. Тудың ені ұзындығының жартысына тең. ҚР мемл. туының авторы — суретші Шәкен Ниязбеков. Бірыңғай көк-көгілдір түс төбедегі бұлтсыз ашық аспанның биік күмбезін елестетеді және Қазақстан халқының бірлік, ынтымақ жолына адалдығын аңғартады. Бұлтсыз көк аспан барлық халықтарда әрқашан да бейбітшіліктің, тыныштық пен жақсылықтың нышаны болған. Геральдика (герботану) тілінде — көк түс және оның түрлі реңкі адалдық, сенімділік, үміт сияқты адамгершілік қасиеттерге сай келеді. Ежелгі түркі тілінде “көк” сөзі аспан деген ұғымды білдіреді. Көк түс түркі халықтары үшін қасиетті ұғым. Түркі және әлемнің өзге де халықтарындағы көк түстің мәдени-семиотик. тарихына сүйене отырып, мемл. тудың көгілдір түс Қазақстан халқының жаңа мемлекеттілікке ұмтылған ниет-тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді деп қорытуға болады. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Күн — қозғалыс, даму, өсіп-өркендеудің және өмірдің белгісі. Күн — уақыт, замана бейнесі. Қанатын жайған қыран құс — бар нәрсенің бастауындай, билік, айбындылық бейнесі. Ұлан-байтақ кеңістікте қалықтаған қыран ҚР-ның еркіндік сүйгіш асқақ рухын, қазақ халқының жан-дүниесінің кеңдігін паш етеді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы



ҚР-ның мемлекеттік елтаңбасының негізі — шаңырақ. Ол- елтаңбаның жүрегі. Шаңырақ— мемлекеттің түп-негізі — отбасының бейнесі. Шаңырақ — Күн шеңбері. Айналған Күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті, Шаңырақ— киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі. Тұлпар — дала дүлділі, ер-азаматтың сәйгүлігі, желдей ескен жүйрік аты, жеңіске деген жасымас жігердің, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсіздікке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты тұлпар — қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне. Ол ұшқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпі. Қанатты тұлпар Уақыт пен Кеңістікті біріктіреді. Ол өлмес өмірдің бейнесі. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді. Бес бұрышты жұлдыз елтаңбаның тәжі іспетті. Әрбір адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Қазақстан Республикасы мемлекеттік елтаңбасының авторлары — Ж. Мәлібеков пен Ш. Уәлиханов.

ҚР-ның Мемлекеттік әнұраны

Әні: Ш.Қалдаяқов

Сөзі: Ж.Нажимеденов, Н.Назарбаев

Алтын күн аспаны,
Алтын дән даласы,
Ерліктің дастаны,
Еліме қарашы!
Ежелден ер деген,
Даңқымыз шықты ғой.
Намысын бермеген,
Қазағым мықты ғой!
Қайырмасы:
Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім!
Туған жерім менің - Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,
Кең байтақ жерім бар.
Бірлігі жарасқан,
Тәуелсіз елім бар.
Қарсы алған уақытты,
Мәңгілік досындай.
Біздің ел бақытты,
Біздің ел осындай!

7.ҚР-ның АТА ЗАҢЫ

- ҚР –ның алғашқы Ата Заңы 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған. Кейінен еліміздің **Негізгі Заңы** 1995 жылы 30 тамызда Бүкілхалықтық референдумда қабылданған. Қазір кезде 30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күні болып саналады.

1995 жылғы Ата Заң



1993 жылғы Ата Заң



ҚР-ның жаңа Конституциясы

- Егемендігімізді бекемдей түсу жолындағы бұдан кейінгі тарихи оқиғалардың барысы бүгінгі күні қолданыстағы Конституцияны 1995 жылғы 30 тамызда өткен бүкілхалықтық референдумда қабылдауға ұласты. Өйткені, ескі және жаңа саяси құрылыстардың өзіндік тұрғыда ымыраға келуінің, ғасырлар бойы құрылған батыс демократиясының үлгісін кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте енгізуге тырысудың көрінісі болған Қазақстан Республикасының осының алдындағы тұңғыш Конституциясы егемен еліміздің аяғынан қаз тұруына септігін тигізгенімен, қоғамда туындайтын қайшылықтарды заң жүзінде дер кезінде реттеп отыруда әлі де қайшылықтардан толық арылмаған еді. Жаңа Конституцияда осы кемшілік бірінші кезекте ескеріліп, заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарының тұрақтылығын, тиімді жұмыс істеуін және өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін билікті бөлу қағидасы жарияланып қана қоймай, тежемелілік пен тепе-теңдіктің нақты жүйесі баянды етілді. Ал ол өз кезегінде елде саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпалын тигізді.

8. Бейбітшілік монументі



«Қазақ елі» монументі — тәуелсіздігіміздің символы

- Тәуелсіздігіміздің, қала берді бүкіл қазақ халқының символы іспетті «Қазақ елі» монументінің ашылу салтанатының шымылдығы Құрманғазының Сарыарқасымен түрілді.
- Еліміз еңсесін тіктеп, егемендік алғалы бері тәуелсіздікке тәбәрік етер мұндай монументтер саусақпен санарлық қана. Бірақ, дәл осындай күрделі композициялық мәнге ие сәулетті-мүсін кешені бұрын-соңды тұрғызылған емес. Жалпы аумағы 5,2 гектар жерді алып жатқан бұл ескерткіштің ел тарихынан алар орны ерекше. «Қазақ елі» - халқымыздың көне тарихын, мәдениеті мен жетістіктерін әспеттейтін ауқымды кешен. Монументтің ұзындығы 91 метр. Бұл еліміздің тәуелсіздік алған жылын білдіреді. Оның ұшар басына Самұрық құсы қонып тұр. Бұл тәуелсіз Қазақстанның дамуға, гүлденуге ұмтылған ынта-жігерін бейнелейді. Сондықтан алып сәулетті-мүсін кешенінің «Қазақ Елі» атануы да тегін емес. Бұл – тәуелсіздіктің символы.

9. Астана Қазақстанның бас қаласы

- Қазан төңкерісінен кейін кейін ҚазАКСР-інің тұңғыш астанасы 1920-1924жылдары Орынбор болды
- 1924-1928жылдары Қызылорда қаласында орналасты.
- 1928-1997 ж-дың 10 желтоқсанына дейін Алматы қаласы болды.
- 1997ж 10 желтоқсаннан бастап Ақмола ресми түрде астана болып жарияланды.
- 1998ж мамырда Президенттің жарлығымен Ақмола Астана қаласы болып өзгертілді.

Ақ Орда

- **Ақ Орда резиденциясы** — Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясы.
- Астана қаласы Есілдің сол жағалауындағы жаңа әкімшілік орталығының аумағында 2001 ж. қыркүйек айында салына бастады. Қазақстан Республикасы Президентінің Ақ ордасының ресми тұсаукесері 2004 ж. желтоқсанның 24 күні өтті.



Бәйтерек



Бәйтерек - оның биіктігі 97 метр. Бәйтерек әдейленіп, бүкіл ел көрінісін көру үшін осылайша салынған. Бәйтерек әлемде 3-ақ елде бар: Франция, Австрия және Қазақстан. Осының өзі Қазақстанды әлемдегі дамығын елдерден қалыспайтын, биікке ұмтылғыш ел қылып көрсетеді.

Бейбітшілік пен келісім сарайы

- Пирамида тәрізді, оның биіктігі 25 қабатты ғимаратпен қатар, 62 метр. Кіретін есігі жер астында орналасқан. Бұнда 1,5 мың орынға опера театры, 3 қабатты мұражай, көрме және концерт залдары, кітапхана, ұлттық – мәдени орталықтар орналасқан.



Думан

- **Думан** - ойын - сауық орталығы. Бұл құрылыс бірнеше зонадан: океанариум, кинотеатр, кафе және сауда залдарынан тұрады. Орталық зонасы серуендеп, демалу үшін арналған.



“Үш би” ескерткіші



Қазыбек би, Төле би, Әйтеке би осы үш қазақ билеріне ескерткіш орнатылды. Олар қазақ халқын әділ сот шешімін қабылдауға және адал болуға шақырады. Қазақ хандығы кезінде бұлар үш жүздің басын біріктіріп, үлкен күш қуатына айналдырған.

Қорытынды

Қиын-қыстау кезеңде жас тәуелсіз мемлекетіміздің тізгінін ұстаған Нұрсұлтан Назарбаев жаңа, күшті әрі тұрақты Қазақстанды құрып, сол арқылы қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке ғана емес, сондай-ақ гүлденіп-көркейген ел болу арманына қол жеткізді. Ұлт көшбасшысының ерік-жігерінің арқасында біз бүгін болашаққа нық қадам басып отырған жаңа қоғамда өмір сүрудеміз.

Қазақстан – тәуелсіз, зайырлы және унитарлы мемлекет

Тәуелсіз – өз алдына жері, елі және тілі бар...

Зайырлы – “дінге қысымсыз”, кім қай дінді қаласа өз еркі...

Унитарлы – белгілі басқарушы бар және
құықты... м е м л е к е т.

Пайдаланған әдебиеттер:

- «Қазақстан тарихы.Очерктер» Алматы «Дәуір» баспасы,1994жыл
- К,Рысбайұлы «Қазақстан Республикасының тарихы».Алматы «Санат» баспасы,2001жыл
- Ж.Артықпаев,Ә.Пірманов «Қазақстан тарихы» Алматы «Атамұра»2008жыл
- Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. «Атамұра», 1999
- Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. Алматы, 1995



Назар аударғандарыңызға рахмет!!!